

**Халықаралық қатынастар факультеті**  
**«халықаралық құқық» мамандығының 4 курс бакалариаты үшін**  
**«Қылмыстық әділсоттың халықаралық стандарттары» пәні бойынша**  
**қорытынды емтихан бағдарламасы**  
**Оқытушы з.ғ.к., аға оқытушы Әпенев С.М.**

**Қорытынды емтиханды өткізу ережесі**  
**Дәстүрлі емтихан: дәстүрлі – сұрақтарға**

**Емтихан форматы** – ауызша. **«Қылмыстық әділсоттың халықаралық стандарттары» пәні бойынша емтиханды өткізу платформасы – Конференция ZOOM.** Бакалавриаттың ауызша емтиханды тапсыру процесі бакалавриаттың ауызша емтихан түрінде жауап беруін қажет ететін, емтихан билеттерін автоматты құруды білдіреді. Ауызша емтиханды өткізу барысында міндетті түрде видеожазба жүргізіледі.

**Өткізу графигі:** Емтихан «Универ» жүйесіне алдын ала енгізілетін кесте бойынша өткізіледі және студентке факультет және кафедра арқылы хабарланады.

**Жоспарланған емтихан видео-конференц байланысына сілтеме** – емтихан болатын күні жіберіледі.

**Емтиханды өткізу ережелері:** Емтихан кестесі бойынша емтихан конференцияны ұйымдастырушы-оқытушы ZOOM конференциясын бастайды, емтиханға қатысушыларға шақырту жіберіп және қабылдайды. Егер емтиханды емтихан комиссиясы қабылдайтын болса, онда емтихан қабылдаушылар емтиханның басталу уақыты туралы студентті хабарландыру үшін комиссия мүшелерін топтың чатына алдын ала енгізеді. Барлық қатысушылар онлайн конференцияға қосылғаннан кейін оқытушы немес екомиссия мүшесі мыналарды орындайды: 1. емтиханның видеожазбасын қосады; 2. емтиханға қатысушылармен сәлемдеседі; 3. видеозапись жүргізіліп жатырғандығын ескертеді; 4. емтиханның регламентімен таныстырады; 5. емтихан тапсыратындардың кезегін нақтылайды; 6. дайындалу уақытын; 7. жауап беру уақытын анықтайды; 8. қажет болса, қалам пайдалана отырып жауап тезисін жазуға рұқсат береді; 9. жауап беру алдында емтихан тапсырушы жауап тезисін көрсетуі керек екендігін ескертеді; 10. басқа емтихан тапсырушыларға күтуге рұқсат береді – үнемі камера алдында болмауы керектігін, бірақ мәжілістен шықпау керектігін ескертеді; 11. емтихан тапсырушының аты-жөнін атайды; 12. емтихан тапсырушыға жеке басын куәландыратын құжатын видеокамераға көрсетуін (жеке куәлік немесе паспорт. ID-карте бойынша емтихан қабылдауға тиым салынады), өзі отырған бөлмені көрсетуін сұрайды. Бөлмеде өзге адамдар, мәлімет алатын көздер болмауы керек; 13. қосымша мәлімет көздерін пайдалануға тиым тар екендігін ескертеді; 14. Емтихан комиссиясының төрағасы студенттің аты-жөнін атап, одан экранды қосуды сұрайды, өзінің есеп жазбасы бойынша ИС Univer кіруін,

емтихан билетін ашып, оны оқуын сұрайды; 15. Комиссия кейін сұрақтар қою үшін студенттің айтқан сұрақтарды жазып отырады.

**Дайындалу уақытының ұзақтығы - 15 минут; Билетке жауап беру уақыты - 15 минут.**

**Бағалау саясаты:** емтиханда алған балдар емтихан ведомостына енгізіледі. Оқытушы ИС Univerдегі аттестациялық ведомостке балды қолмен қояды. Балдарды қою уақыты – 48 сағатқа дейін. Емтихан нәтижелері прокторинг нәтижесі бойынша қайта қарала алады. Егер студент емтиханды тапсыру ережелерін бұзған болса, оның нәтижесі жойылады.

### **Қылмыстық әділсот қызметінің халықаралық стандарттары» пәні бойынша емтихан сұрақтары**

#### **1-блок**

1. Қылмыстық әділсот саласындағы халықаралық стандарттардың түсінігі және маңызы.
2. Қылмыстық әділсот саласындағы халықаралық стандарттарды топтастыру және топтастыру критерийлері.
3. Адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттар.
4. Қылмыстық әділсот саласындағы халықаралық стандарттардағы адам құқықтарын қорғау.
5. Қылмыстық әділсот саласындағы моралдық-этикалық стандарттар.
6. Қылмыстық әділсот саласындағы стандарттардың дамуы бойынша халықаралық актілер.
7. 1948 ж. 10 желтоқсандағы адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясының қылмыстық әділсот стандарттарына қатысты ережелері.
9. 1966 ж. 16 желтоқсандағы азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт және оның қылмыстық сот өндірісінің стандарт ретіндегі ролі.
10. Құқық тәртібін қолдау бойынша лауазымды адамдардың жүріс-тұрыс стандарттары.
11. 1996 ж. 12 желтоқсандағы мемлекеттік лауазымды адамдардың жүріс-тұрысының Халықаралық кодексінің негізгі ережелері.
12. Құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды адамдар жүріс-тұрысының Кодексін тиімді іске асыру үшін Жетекші қағидалары (1989 ж. 24 мамырда БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің резолюциясымен бекітілген).
13. Еуропа елдері бойынша қабылданған халықаралық актілердің Қазақстан Республикасының заңдарын реформалауда қолдану мүмкіндіктері.
14. Қылмыстық әділсот саласындағы халықаралық актілердің нормаларын отандық заңда қолданудың тәсілдері.
15. Сот тәуелсіздігінің кепілдіктері.

## **2-блок**

1. Қылмыстық әділсотқа қатысты Жалпыға танымал қағидалардың отандық заңдардың дамуындағы ролі.
2. Қылмыстық әділсот саласындағы міндетті және ұсыныс ретіндегі халықаралық-құқықтық актілердің пәрменділігі.
3. Қылмыстық юстиция және әділсот ұғымдарының араларындағы байланыстар.
4. Қылмыстық юстиция саласындағы халықаралық-құқықтық стандарттардың топтары және олардың жалпы сипаттамасы.
5. Қылмыстық істер бойынша қабылданған аймақтық халықаралық актілердің маңызы және ҚР қолданылу мүмкіндігі.
6. Өара құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының заңдарымен арақатынасы және пәрменділік деңгейі.
7. Қылмыстық әділсот саласындағы халықаралық стандарттардың қазіргі кездегі қылмыстық процессуалдық заңның дамуына әсері.
8. Күдіктіні ұстау кезіндегі күдіктінің процессуалдық құқықтарының халықаралық талаптары (миранда ережесі).
9. Халықаралық-құқықтық актілердің ҚР қылмыстық заңының дауына және реформалаудағы ролі.
10. Күдікті ретінде ұсталған адамға жеке тінту жүргізудегі адам құқығының сақталуы.

## **3-блок**

1. Күдікті адамнан жауап алу тәртібі және халықаралық құқық бойынша мұндай кездегі күдіктінің процессуалдық жағдайы.
2. Адвокаттар үшін белгіленген Жалпыға ортақ стандарттардағы адвокаттарға белгіленген тиымдардың себептері.
3. ҚР қылмыстық заңын реформалаудағы халықаралық стандарттардың ролі.
4. Әділсот саласындағы халықаралық құқықтық нормалардың отандық құқық нормаларымен арақатынасы.
5. ҚР ҚК Ерекше бөліміне халықаралық құқықтық стандарттардың қазіргі жағдайдағы енгізілуі.
6. ҚР Қылмыстық процессуалдық заңының дамуына халықаралық практиканың әсері.
7. Кәмелетке толмағандарға қатысты істерді тергеу және сотта қараумен байланысты халықаралық ережелер.
8. Бангалор қағидаларының ҚР сот қызметінің қағидаларына сәйкестік дәрежесі.
9. Сот тәуелсіздігінің стандарттары анықталған халықаралық құжаттар және олардың сипаттамасы.

10. Азаптаумен, басқада қатігез адамгершілікке жатпайтын немесе арнамысты кемсітетін түрлеріне қарсы Конвенцияның негізгі ережелері
11. Жалпыға танымал қағидалар және жалпыға танымал нормалар ұғымдарының ара қатынасы және олардың халықаралық құқықтық актілерде пайда болу себептері.
12. Қылмыстық әділсот саласындағы халықаралық актілердің иеррархиялылығы.
13. Қылмыстық әділсот саласындағы халықаралық құқықтық қағидалардың отандық құқықтық қағидалармен байланысы.
14. Қылмыстық әділсот саласындағы ұсыныстық сипатта қабылданған халықаралық актілердің маңызы.
15. Әмбебап халықаралық стандарттар бар болған жағдайда аумақтық стандарттарды актілердің қабылдану негіздері.

#### **Емтихан сұрақтары жасалатын пән тақырыптарының тізімі**

1. Қылмыстық сот әділдігінің халықаралық стандарттары оқу пәні ретінде.
2. Қылмыстық сот әділдігінің халықаралық стандарттары даму тарихы, кезеңдері.
3. Қылмыстық сот әділдігінің халықаралық құқықтық стандарттарының анықтамасы, құқықтық күші және классификациясы.
4. Заңгерлердің кәсіби қызметінің халықаралық стандарттары.
5. Заңгерлерге-судьяларға, адвокаттарға қойылатын деонтологиялық (нормалар және қағидалар) талаптар.
6. Күдіктінің құқықтарының ХҚ стандарттары және ҚР ҚПК бойынша процессуалдық мәжбүрлеу шаралары.
7. Заңгерлік кәсіптің тәуелсіздігіне қатысты стандарттар.
8. Білікті заң көмегін алуға қатысты конституциялық құқық. ҚР адвокатурасы.
9. Адвокаттық қызмет бойынша халықаралық стандарттар.
10. Кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты сот төрелігін іске асырудың ХҚ стандарттары.
11. Сот талқылауындағы қорғаушының ХҚ мәртебесі және ҚР ҚПК нормалары.
12. Сот жүріс-тұрысының бангалорлық қағидалары.
13. Қылмыстық сот әділдігінің ХҚ стандарттары және ҚР құқық қорғау органдарының жүйесін реформалаудың мәселелері.
14. Алдын ала тергеу органдарының қызметтері бойынша халықаралық құжаттар.
15. Әділсотты қолданудағы моралдық этикалық мәселелер бойынша халықаралық стандарттар.

16. Қылмыстық процестегі айыпталушының құқықтарына кепілдіктің төменгі деңгейі.
17. Қылмыстық сот өндірісіндегі адамның құқықтары бойынша Еуропа Соты шешімдері.
18. Трансұлттық және ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес саласындағы ХҚ стандарттар және ҚР заңнамасы.
19. Қылмыстық сот әділдігінің стандарттарын орнатудағы БҰҰ институттары мен мекемелерінің қызметі

### **Оқу әдебиеттері**

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі. 2014 жылы қабылданған.
2. Стандарты справедливого правосудия (международные и национальные практики) / кол.авторов ; под. ред. д. ю. н. Т.Г. Морщаковой. – М.:, 2012. 584 с.
3. Самалдыков М.К. Правоохранительные органы РК: учебно-метод. пос. – 2-е изд., перераб. и доп. / М.К.Самалдыков. - Алматы: Қазақ ун-ті., 2014. – 465 с.
4. Әпенев. С.М., Айдарбаев С.Ж., Шакиров К.Н. Қазақстан Республикасының және шет елдердің қылмыстық процессуалдық құқығы. (Сотқа дейінгі өндіріс) Жалпы және Ерекше бөлімдері. Оқулық. –Алматы, 2016 ж.
5. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының жинағы.